

ҚР ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ – 25 ЖЫЛ!



МЕРКІ ТЫНЫСЫ

МЕРКЕНСКИЙ ВЕСТНИК

Меркі аудандық газеті (Жамбыл облысы) • Газет 1934 жылғы 15 қыркүйектен бастап шығады



№132
/10514/
сәрсенбі,
19 қазан
2016 жыл



Өткен аптаның бейсенбісінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Тәуелсіздікке – 25 жыл» атты облыстық ақпараттық пойызы Меркі жерінің Тәтті стансасында болды.

Әлихан НҰРАЛИЕВ, (сурет автордікі), "Меркі тынысы".

ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ТӘУ ЕТКЕН ПОЙЫЗ ТӘТТІДЕ БОЛДЫ



Ширек ғасырлық торқалы тойы жақындаған ел Тәуелсіздігі мерекесі қарсаңындағы бұл маңызды іс-шараны облыс әкімдігі мен «Қазақстан темір жолы» АҚ-ның Жамбыл бөлімшесі қолға алып, ұйымдастырған екен. Барлығы 31 елді мекен мен стансadan тұратын екі бағытқа жүріп, кездесулер өткізетін аталмыш пойыздардың мақсаты – ҚР Тәуелсіздігі жылдарындағы еліміздің, оның ішінде Жамбыл өңірінің жеткен жетістіктері мен әлеуметтік-экономикалық дамуын шалғай жатқан елді мекендердің тұрғындарына паш ету, керек жағдайда медициналық көмек түрлерін көрсетіп, кеңес беру, әлеуметтік маңызы зор ауылшаруашылығы тауарларын арзан бағамен ұсыну, сондай-ақ, облыстық филармония әншілерінің өнерлері арқылы жұртшылыққа көтеріңкі көңіл-күй сыйлау болып табылады.

Аталған екі бағыттың бірі – «Жамбыл-Шу-Шығанақ» пойызындағы облыс әкімдігі ішкі саясат басқармасының бас маманы Құрманов Асылжан Тұрсыналыұлы,

облыс әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бөлім басшысы Мейірманов Ғалижан Советұлы, кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасының бас маманы Ақжігітов Алмас Олжасұлы бастаған облыс әкімдігі басқармаларының қызметкерлері, зиялы қауым, этномәдени орталықтарының өкілдері, дәрігерлер мен мәдениет саласы мамандары, барлығы – 30 адамды аудан әкімінің орынбасары Қасым Марат Жарылқасынұлы, аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы Ахметжанов Абылай Әзімханұлы, Тәтті ауылдық округінің әкімі Тілешбаев Бауыржан Жұмабайұлы, бас маманы Карибаев Дінмұхамед пен аудан, станса тұрғындары (суретте) қарсы алды.

Қонақтарды еліміздің өркендеуі жолында өзіндік қолтаңбалары бар, өндіріс саласы мен агросектордағы жетістіктерімен мақтана алатын кәсіпкер, малшы және диқаны да жетерлік мерейлі Меркі жеріне қош келулерімен құттықтаған Марат Жарылқасынұлы, Елбасы саясатынан туындап, барша қазақстандықтардың ажырамас бөлігіне айналған ынтымақтың бір көрінісі – халық игілігіне бағытталған бүгінгі іс-шара үшін

ұйымдастырушыларға алғысын жеткізсе, сөз кезегін алған Абылай Әзімханұлы ел Тәуелсіздігінің айқын бейнесі мен жетістіктерін аша түсуді мақсат еткен ақпараттық пойыздың билік пен бұқара халық арасын одан өрмен жақындата түсетін нақты қадам екенін айтып, ел ырзығы болар әр істе аяқ қосып, бірігуге шақырды.

Сөз алған облыстық қонақтар Асылжан Тұрсыналыұлы мен Ғалижан Советұлы әлі де айылын жия қоймаған әлемдік дағдарыс кезеңі болғанымен, едәтте жұмыссыздық деңгейі жоғары тұратын шалғай жатқан елді мекен тұрғындарына деген бұл қолдау әр қоғам мүшесінің үкімет назарынан сырт қалмайтынының белгісі екенін келелі әңгімелеріне арқау ете білді.

Келесі кезекте тәттіліктер мен жақын ауылдардың тұрғындары арнайы вагондағы 1-сұрыпты ұнның қабын – 4250 теңгеден, картоптың келісін – 45, қантты – 220, пиязды – 20, қарақұмықты – 260, сұйық майдың литрін – 350 теңгеден арзан саудалап, қысқы азық қорларын толтырса, облыс филармониясы мен аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары өздерінің концерттік бағдарламаларын ұсынып, ел алғысына бөленді.



аудандық филиалы Саяси кеңесінің мүшесі Гүлжан Тлеубердиева қатысып, бастауыш партия ұйымының екі жылдық есебін тыңдады.

Расул МАЛЛАБАЕВ, "Меркі тынысы".

– «Сарымолдаев» бастауыш партия ұйымы 2001 жылы қатарындағы 293 партия мүшесімен құрылған болатын. 2012 жылы БПҰ құрамында 487 мүшесі болса, 2014 жылы 511-ді құрап, ал биылғы жылдың 1 қазанына партия мүшелерінің саны 537-ге жетіп отыр. БПҰ құрамында 5 партиялық топ жұмыс жасайды. Бастауыш партия ұйымының жұмысын жоспарлы жүргізу үшін партиялық топ жетекшілерінен және белсенді партия мүшелерінен Бюро мүшелері сайланған.

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы бастауыш партия ұйымдарында есеп беру-сайлау жиналыстары өткізілуде. 200-ге жуық мүшесі бар «Сарымолдаев» бастауыш партия ұйымының бұл жиналысқа «Нұр Отан» партиясы Жамбыл облыстық филиалы Саяси кеңесінің мүшесі Майлыбаев Асаубай мен партия «Қолөнер» үйірмелерінде 10 мүмкіндігі шектеулі бала қамтылған және балалардың демалыс уақытын тиімді, мазмұнды ұйымдастыру мақсатында №1, №9 ОМ оқушыларының және орталықтың төңірегіндегі тұрғындардың балаларына арналған жазғы лагерь жұмыс жасады, – деп атап өтті.

Қосымша баяндамаға шыққан №1 орта мектеп директоры Құлайым Сүлейманқұлова және №9 Савва атындағы орта мектеп директоры

ЕСЕП БЕРУ-САЙЛАУ ЖИНАЛЫСЫНДА

Есепті мерзімде бастауыш партия ұйымының сандық және сапалық құрамы жасақталды. 2014 жылы бастауыш партия ұйымының құрамында жұмыссыздар саны 49 болса, биылғы жылы бұл көрсеткіш 27 адамды құрап отыр, – деген «Сарымолдаев» бастауыш партия ұйымының төрайымы Үрияхан Мамикова партия ұйымының сапалық құрамына тоқтала келе, бастауыш партия ұйымының жеке кабинеті мен жұмысқа қажетті техникалық құралдармен толық қамтылғанын атап өтті.

Партиялық жобаларды іске асыру бойынша жарыссөзге шыққан Бақыт Қошқарбаева «Сарымолдаев» бастауыш партия ұйымындағы «Өркен» орталығының партиялық тобындағы мүшелері үлкен көңіл бөліп отырғанын жеткізді.

– Мысал келтіре кететін болсақ, мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың өмірінің сапасын жақсартуға бағытталған «Кедегісіз келешек» жобасы аясында орталығымызда «Техникалық моделдеу» және

Болатбек Қыстауов та атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту» жобасы аясында аудандағы, облыстағы көшбасшы, танымал кәсіпкерлер мен ауыл тұрғындарын жас кәсіпкерлермен кездестіру арқылы ауылдық жерлерде кәсіп ашамын деген азаматтарға жол көрсетілсе» – деген ұсыныстарын айтты. Түрлі сала өкілдері бас қосқан жиналыста бастауыш партия ұйымы төрайымының есебіне «қанағаттанарлық» деген баға берген нұротандықтар дауысқа салу арқылы бірауыздан ұйым төрайымын қайта сайлады.

Сонымен қатар, партия облыстық филиалының Саяси кеңес мүшелері өз ой-пікірлерін білдірді. Күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша және бастауыш ұйымдардың жұмыстарын жандандыру, Елбасы Жолдауы, партия Доктринасын партия бағдарламалары жобаларын іске асыру бойынша қаулылар қабылданып, партия аудандық филиалының есеп беру-сайлау конференциясына делегаттар сайлады.

Меркі аудандық мәслихат депутаттарының назарына

Алтыншы шақырылған Меркі аудандық мәслихатының кезектен тыс IX сессиясы 2016 жылдың қазан айының 21-і күні сағат 10.00-де аудан әкімдігінің мәжіліс залында төмендегідей күн тәртібімен өтетінін хабарлаймыз:

1. «2016-2018 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Меркі аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы №46-4 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

2. Меркі аудандық Ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметінің «2016 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша Меркі ауданының аумағында қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету туралы» есебі.

3. Өртүрлі мәселелер.
Сессия алдында депутаттарды тіркеу 2016 жылдың 21 қазан күні сағат 9.30-да басталады.

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ АППАРАТЫ

«МЕРКІ ТЫНЫСЫНА» ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

Құрметті оқырман!

Міне, 2017 жылдың I жартыжылдығына баспасөзге жазылу науқаны басталып та кетті. Осы ретте «Меркі тынысы» газетінің ұжымы меркілік оқырмандарын өз басылымына уақтылы жазылуға шақырады.

Жазылу бағасы:

жеке тұлғалар үшін – 6 айға – 1830 теңге;
заңды тұлғалар үшін – 6 айға – 1915 теңге.



ЖАЗЫЛУМ-2017

қожалықтарында

Шаруа

Рысқұловтық кәсіпкер **Владимир**
Бондаренконың «Трансфер» **шаруа**
қожалығында еркін құлаш сермейтін ұшан-
теңіз жер телімі де жоқ.

Әлихан НУРАЛИЕВ, (сурет автордікі), "Меркі тынысы".

«ТРАНСФЕРДЕГІ» ТЫНЫМСЫЗ ТІРЛІКТЕР

Дегенмен, сонда да қазақ айтатын «көрпеңе қарай көсілдің» кері болар, небары 76,64 гектар алқабына 500 басқа арналған шошқа фермасын орналастырып, былтыр өте жоғары өнім алған қызылшадан басқа аздап болса да бидай, арпа, пияз бен жүгеріге дейін өсіріп, 12 адамға тұрақты (науқан кезінде 30-ға дейін жергілікті тұрғындарды жұмысқа тартады) жұмыс тауып беріп отырған жайы бар.

Былтыр 5 гектар қызылшасының әр гектарынан 900 центнердің үстінде өнім алып, олжа салған Бондаренко биыл оның көлемін күрт көтеріп, 42 гектар жерді игерген себебін былай түсіндірді:

– Біріншіден, үкіметтің қолдауының арқасы. Өткен жылы қант зауыты қызылшаның әр келісін 13 теңгеден қабылдаса, биыл ол 17 теңгеге көтерілді. Мемлекет әр тоннаға 2,5 мың теңге субсидия төлесе, әр гектарға 50 мың теңге беретіні тағы бар. Оған алынған тұқым бағасының 70 пайызын субсидиялайтыны қосымша болып, істі жандандыруға ұйытқы болды десек, екінші қозғаушы күш – ол былл Ресейден германиялық «Щтоль» фирмасының қызылша қазып, көлікке тиіп беретін, сапалы әрі қуатты 2 дана комбайны мен 1 дана ресейлік жапырақ кескіш техникасын сатып әкелуім болды, – дейді.

В.Бондаренко егіншілік бағытындағы шымкенттік «Южный полевод» ЖШС-мен тығыз байланыс орнатқан екен, өсімдік саласының көптеген түйіпкілді мәселелерін де біріге шешуді күн тәртібіне қойған, сондай-ақ, әлгі 42 гектар алқаптың 8-ін тамшылатып суару жүйесімен жабдықтаған да солар болып шықты. Ал, су тапшылығы қиындығынан егістіктің әр жерінен 45 метр тереңдіктен қазған 4 құдығы құтқарып отыр. Яғни, үнемі жетіспейтін, әрі тартысы көп арық суы мен табиғаттың жаңбырына еш тәуелді емес. Сондықтан болар, Володя тамшылатып суаратын

8 гектардан 1000, қалған 34 гектардан 800-900 центнерден өнім алмақ екенін ойланбай-ақ зор сенімділікпен жеткізді. Ел ырзығы ортақ қазына екенін пайымдап, бізде «солай болғай», – дестік. Осы жерде айта кетерлік жайт, трансферліктер қызылша отырғызғанда жүйе арасын басқалардай 60 см. емес, жоғарыда айтылған техникалардың қазып, жинау мүмкіндігіне қарай 45 сантиметрден қалдырған екен. Бұл арақашықтық онсыз да көлемі аз жерде мол өнім алуға негіз болатынын да айтып өтпекпіз.

Иә, жалғыз адам жапан түзде қалады, осы тұрғыда жанына жалау болар сенімді де іскер жандарды топтастыра білген В.Бондаренко Е.Пачес атты инженер, В.Гичук сынды механик, Қ.Сағындықов, А.Иванов сияқты механизаторлар, Р.Деловаровадай мықты бригадир мен С.Щефер, Г.Дурсунова, М.Ысмайылова, М.Бейсенова, Ж.Қалманова, Г.Кенжебекова, Қ.Ұзақбаева, А.Жарасова, И.Ажниязова, Г.Құрбановалар сынды (суретте) еңбек көрігін басып, тірлік қазанын қайната білетін қызылшашыларды жеке атап, өзіне тіреу екендіктерін баса айтты.

Алдағы жоспарларымен де бөлісуді сұрағанымда В.Бондаренко айтқан жағымды жаңалық – алдағы жақын уақытта бір мезгілде 100 бас мүйізді ірі қараны бордақылайтын арнайы алаң ашатынын есітіп, шыны керек, ақжолтай хабарға мен де қуандым. Өйтпегенде ше! Елбасы Н.Назарбаевтың Ұлт жоспары – бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамына сай, 100 бас ірі қараны бордақылау – осы басты құжаттың 61-қадамында көрсетілген ет өндірісі мен өңдеуді дамытудың кезекті ісі ауданымызда қолға алынуы бәріміз үшін құптарлық жағдай.

Міне, артқа қайтар кез де келді. Бізбен жылы қоштасқан Володя қызылша алқабында бауырлай жылжып бара жатқан жапырақ



кескіш техникасына беттеп барады. Механизаторға өлденені түсіндіріп, ақылдаспақ ниетте екені байқалады. Иә, бірлесе көтерген жүк те жеңіл, ынтымақпен атқарылған еңбек те өз жемісін ұзатпай, молынан беретіні аян. Халықтың қоржыны толып, Қазақ елінің қамбаға төгері молайсын, ағайын.



За 25 лет Независимости не только в стране, но и в нашем районе, немало достижений. О них и рассказали меркенцы корреспонденту районной газеты «Меркі тынысы» Ольге Мазур.

Анна Андреевна Ландик, руководитель славянского этно-культурного объединения района:

– Все достижения современного Казахстана стали возможны благодаря политике нашего Президента, который основал уникальное государство, где все этносы живут в мире и согласии. В минувшем, 2015 году, в нашей республике прошли праздничные мероприятия под эгидой 20-летия АНК, в этом году мы отмечаем 25-летие нашей любимой страны.

Казахстан – многонациональное государство, доказавшее всему миру, что главное условие успешного его развития и движения вперед – единство и общественное согласие. Мир и стабильность – это общественное достояние, которое нужно каждодневным трудом укреплять и защищать.

В Казахстане, как в большой единой семье, вместе с другими этносами развивает свою самобытную культуру, традиции, язык и наше славянское этнокультурное объединение

Асыл Аманжоловна Токторалиева, заместитель директора Меркенского колледжа №9:



– Нравственность, патриотизм, профессионализм и социальная ответственность – основа конкурентоспособной молодежи.

Патриотизм предлагает высокую социальную ответственность, является мощным источником человеческой деятельности. И меня, как педагога, радует то, что развитие современного общества созда-

ГОДЫ МИРА, СОЗИДАНИЯ И ДРУЖБЫ



района (на снимке). Для работы этнокультурных объединений в нашем районе созданы все необходимые условия, и мы вносим большую лепту в укрепление межнационального согласия, процветание нашего суверенного Казахстана. Мы всегда вместе и

ет хорошие предпосылки для формирования активной гражданской позиции молодого поколения.

едины. Ни одно крупное общественное мероприятие районного, областного значения, не обходится без участия представителей этнокультурных объединений, мы ежегодно прово-

дим и свои самобытные национальные праздники. Мы счастливы тем, что Казахстан – наша Родина, наша многонациональная страна, 25 лет тому назад обрела независимость и мы спокойны за свое будущее.

Своим нелегким трудом мы стараемся прививать нашим студентам (на снимке) простые истины, следование которым в повседневной жизни воспитывает у молодежи чувство гордости за свою страну, которая в этом году отмечает 25 лет своей Независимости, стремление внести свой вклад в ее процветание.

Сегодня социальное партнерство в системе профессионального образования становится одним из важнейших принципов его развития и обновления, обеспечивая сотрудничество между государством, работодателем и учебным учреждением. Ярким примером вовлечения социальных партнеров в профессиональное образование и обучение может служить взаимное сотрудничество между Меркенским колледжем №9 и такими организациями района, как: КХ «Амір», «Мыхан», «Шамиль» ИП «Калысбаев», «Зико и К» и др.

И студенты колледжа, проходя на их базе практику, в полной мере осознают свою ответственность, погружаясь в жизнь трудового коллектива. Это также является нашей частью работы по пробуждению в студентах колледжа патриотических чувств, стремления своим трудом приносить пользу обществу и окружающим людям.

я развиваю в родном селе, принося пользу своему независимому Казахстану, и радуюсь тому, когда вижу породистых быков, которые стоят на откорме у меня в крестьян-

ском хозяйстве. И, может быть, это и есть голос предков, которые также, как и я сегодня, занимались животноводством.



Талгат Бахыткалиевич Сраилов, руководитель крестьянского хозяйства «Нейля-С» (на снимке):

– Благодаря участию в государственной программе «Сыбаға» в крестьянском хозяйстве «Нейля-С» разводится высокопродуктивный скот – казахская белоголовка. Я всегда считал верной мудрость народа о том, что «Казах богатеев за счет скота», тем более что я живу в сельской местности и это дело мне приносит удовольствие. Мне хочется и дальше трудиться, улучшая качественный показатель развития КРС, быть конкурентоспособным и поставлять свою качественную продукцию на рынок для казахстанцев. И в этом, конечно же, мне помогает и государство, предоставляя возможность воспользоваться Государственными программами, направленными на развитие животноводства. И, как любой человек труда, я счастлив от того, что у меня есть любимое дело, которое

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің шекарашылары ата-бабамыздан мұра болып қалған қасиетті мемлекеттік шекарамыздың тыныштығын сақтау жолында жігерлілік танытып келеді. Қасиетті атамекен жеріміздің шекарасын күзету – өз тағдырларын Қазақстанмен етене байланыстырған әр шекарашының қасиетті борышы.

Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қол жеткізген ұлан байтақ жерімізде бейбіт, тыныш заманды орнату қаншалықты қиын да күрделі болса, осы орнаған тыныштық, бақ-береке, ырыс құтымызды қолда ұстап тұру одан да қиын. Тыныштық пен береке

Республикасында уақытша жүру туралы көші-қон карточкасының мезгілі өтіп кетіп, арнайы шекаралық өткізу бекеттерінен өте алмағандықтан, кейбір ауыл тұрғындары және такси жеңіл көлігінің жүргізушілері осындай көші-қон ережесін бұзған

ЕЛ ШЕБІН КҮЗЕТУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

орнаған еліміздің керегесі кеңейіп, өрісі ұзай түсуде. Мұндайда ел байлығын қорғап, халық қауіпсіздігін сақтап, шекарамызды берік ұстап, бейбіт ғұмыр кешу есімізден өсте шығарылмауы тиіс. Осы орайда, еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, шекарасын берік күзету – еліміздің әрбір азаматының міндеті болып табылады. Бұл елге, жерге деген абыройлы міндет және қасиетті құрмет. Ендеше, кешегі бабаларымыздан қалған мұра Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің тірегі мен жемісі болып отырған Мемлекеттік шекараны күзету үшін қазір де бізге өрқашан тәртіптілік жүйеде бірлік керек.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік шекарасы туралы» Заңында осы мәселе жайлы айтылған болатын. Бірақ, шекарада кейбір азаматтарымыз сол заңсыз іс-әрекеттерін өлі де болса тоқтатар емес. Оның ішінде Мемлекеттік шекара бұзушылары ұсталып, есірткі өнімдері, ірі қара мал және уақ малдар (олардың ауру ма, өлде сау мал ма, ол жағы белгісіз), спирттік ішімдіктері, ұн өнімдері, халық тұтынатын тауарлар, жанар-жағар майлары, құрылыс материалдары, тіпті «Қызыл кітапқа» енген өсімдіктер де тәркіленуде. Осындай шекара бұзуда заңсыздыққа баратын адамдар шекаралық аймақтың тұрғындарын, жастарын осындай қылмысқа тартып, жеңіл пайда тапқысы келеді. Кейбір жағдайларда шет ел азаматтары Қазақстан

азаматтарға Мемлекеттік шекараны әдейі бұзып, өткізіп жіберуге қолдау жасап, жеңіл табыс табуда. Өкініштісі, осы азаматтардың өз елінің Мемлекеттік шекарасын бұзып, 15-20 мың теңгеге азаматтық абыройын сатуда. Сол заңсыз өтпек болған адамдардың ішінде мүмкін халықаралық іздестіруде жүрген, құқық қорғау органдарының іздеуінде жүрген және шет ел асып, басқа ағым ықпалына кеткен адамдар да болуы мүмкін. Осы сөзіміздің дәлелі, 2016 жылдың 9 айында қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы заңнамасын бұзғаны үшін 383 адам ұсталды.

2035 әскери бөлімінің шекаралық аймағында орналасқан Жамбыл облысының Жуалы, Жамбыл, Т.Рысқұлов, Меркі аудандарының басшылықтары, мемлекеттік органдар, жергілікті тұрғындар шекарашыларға Мемлекеттік шекараны күзетуде көптеген көмек көрсетуде. Сонымен қатар, шекаралық аймақтың тұрғындарына Шекара қызметінің заң талаптарын түсіндірілуде.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі 2035 әскери бөлімінің шекарашылары өздеріне бекітілген абыройлы міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқарып, ел шебін қырағы күзетіп, заңсыз шекара бұзу әрекеттеріне қатаң тосқауыл қоюда.

Е.АБДРАМАНОВ,
2035 әскери бөлімінің офицері.



Быть врачом – великая миссия, и ее сможет нести в течение всей жизни только любящий свою профессию человек.

Ольга МАЗУР, Алихан НУРАЛИЕВ (фото), "Меркі тынысы".



Баян Шындалиевна Есимбекова (на снимке) свою трудовую деятельность начала в 1983 году в терапевтическом отделении больницы Манасского района, Киргизии. В 1986 года плодотворно и с большой отдачей трудилась в Меркенском районе. С 1998 года и по сей день, вот уже много лет, является заведующей терапевтического отделения центральной районной больницы, работая на этом благородном поприще с большой отдачей, вкладывая много сил и энергии в развитие системы здравоохранения нашей независимой страны, района и оставаясь верной клятве Гиппократ.

Баян Шындалиевна – внимательный врач, профессионал своего дела, имеющий большой опыт и практические навыки, талантливый

организатор и руководитель, умело направляющий работу коллектива. Вот уже более тридцати лет Б.Есимбекова, являясь врачом и спасая жизни своим пациентам, возвращает им самое дорогое – здоровье. Она пользуется большим авторитетом среди своих коллег и многочисленных пациентов, является известным и уважаемым человеком в районе, одним из самых опытных врачей.

В терапевтическом отделении имеется 25 коек, сюда на лечение попадают экстренные больные, а также направляются по portalу. Через ее добрые и ласковые руки проходит много больных. Истории болезни пациентов и вся документация в отделении ведется своевременно, через компьютерные ре-

сурсы.

Как знающий специалист, Б.Есимбекова ежедневно осматривает не только больных своего отделения, но и тяжело-больных реанимационного отделения, роддома, пациентов, поступающих в приемный покой, принимает участие в врачебных консилиумах, когда ее совет требуется для того, чтобы поставить правильный диагноз пациенту.

К ее словам прислушиваются, ее назначения помогают поднимать на ноги порою самых тяжелых больных, и это еще раз говорит о ее высоком профессионализме. И, главное, она находит общий язык с людьми и умеет понимать и чувствовать душу больного. Многие жители района доверяют ей, обращаются к ней за медицинской помощью, советом и она по праву заслужила их доверие.

За весомый вклад, внесенный в развитие здравоохранения района, Баян Шындалиевна была многократно награждена Почетными грамотами акима области, района, председателя областного райкома профсоюза работников здравоохранения. В 2012 году, по Указу Президента Республики Казахстан – праздничной медалью «К 20-летию Независимости Республики Казахстан».

Проработав много лет в медицине, Б.Есимбекова считает своим профессиональным долгом – спасать жизни людей, помогать им быть здоровыми, а значит – счастливыми.

АДАМ. ҚОҒАМ. ЗАҢ.



Елімізде «Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы» Заңының 1991 жылдың маусым айының 22 күні күшіне енгені аудан азаматтардың есінде екеніне ешкімнің күмәні болмас.

Аталған заң қолданысқа енгелі бері ауданымыздағы мемлекеттік меншік иелігінен алынуын және жекешелендіруін көздейтіндей етіп істеген жұмыстар да аз болмаған.

Осы жұмыстардың біріне меншік иелерінен алып, азаматтарға жекешелендірілген үйлер, пәтерлер жатады. Меншік иесінен алу келісім жолымен жүргізілген. Мысалы, пәтерді (үйлерді) жекешелендіру бірінші тарапта меншік иесі атынан колхоздың, совхоздың немесе мекеме басшысы (сатушы) атынан жасалса, екінші тарапта осы пәтерді (үйді) (сатып алушы) жеке тұлға азамат атынан жасалған. Келісімге онымен бірге тұрған отбасы мүшелері (бірге тұрмаған адамдар да жекешелендіру келісіміне кіргізілген фактілер көптеп кездеседі) кірген. Жекешелендірілген үйлерді, пәтерлерді комиссия бағалап, купонмен, қалдық құнымен сатқан немесе тегін берілген. Аталған пәтерді (үйлерді) келісім бойынша жекешелендірген азамат жылжымайтын мүлік орталығына тіркеген. Жекешелендіру келісінде құжаттарда азаматтардың тегі, аты, әкесінің аты толық жазылмай, жеке куәліктегі тегі, аты әкесінің атына

сай келмей, қазіргі уақытта осының өүрешілігін көріп жүрген азаматтар аз емес. Мұндай жағдайда, пәтерді (үйді) мемлекет меншігінен алған келісінде кеткен кемшіліктерді түзетуге құқылы.

Бәрімізге мәлім, аудандағы колхоздардың барлығы тарқап кеткен, мирасқорлықты ешқандай ұйым, қоғам қабылдамаған. Заңды тұлға ретінде тіркеу органдарына тіркелмеген. Мұндай жағдайда азаматтардың кеткен қате жазбаны түзетуге ешқандай мүмкіншілігі жоқ. Совхоздардың кейбірі мүлік және жер үлесі пайын мирасқорлық жолмен алып, акционерлік қоғам, өндірістік кооперативін құрған. Заң талабына сай мирасқорлық жолмен аталған заңды тұлға – тіркеуде екендігін көрсетуде.

Осындай тіркелген заңды тұлғаның жекешелендіру келісіндегі кеткен қате жазбаны түзетуге мүмкіншіліктері бар. Ал, пәтерді (үйлерді) жекешелендіру келісіндегі тегі, аты, әкесінің аты толық жазылмаған жазбаны түзетуге басқалай мүмкіншілігі болмаған азаматтар сотқа арызбен қайырылып, келісімнің өзіне және отбасы мүшелеріндегі азаматтарға жеке куәлікке сәйкес тиісті екендігі фактісін

анықтауды сұрауға құқылы.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 305-бабы 2-тармағы 5-тармақшасы бойынша, құқық белгілейтін құжаттардың (әскери құжаттарды, паспортты, жеке куәлікті және азаматтық хал актілерін жазу органдары беретін куәліктерді қоспағанда) құжатта көрсетілген аты, әкесінің аты немесе тегі осы адамның паспорты немесе жеке куәлігі немесе туу туралы куәлігі бойынша атына, әкесінің атына немесе тегіне сәйкес келмейтін адамдікі екендігі фактісін сот анықтайды.

30.01.1994 жылғы келісім шарт бойынша Иманкулов Ақылжан «Қазақстан» колхозынан Кеңес ауылы, Ленин көшесінде орналасқан 41-үй, 1-пәтерді жекешелендіріп алған. Пәтерді жекешелендіру келісінде пәтерді сатып алушы Иманкулов Ақылжан, оның отбасы мүшелері – Иманкулов А., Шотаева Е., Иманкулова А., Иманкулова М., Иманкулов Р. – деп көрсетілген. Ленин көшесі қазіргі уақытта Байдаулет Нусипов болып өзгергені. «Қазақстан» колхозы туралы Меркі аудандық әділет басқармасында ешқандай мәлімет жоқ екендігін, осыған байланысты пәтерді жекешелендіру келісімінің жеке куәлікке сәйкес өздеріне тиісті екендігі фактісін анықтауды соттан сұранған.

Меркі аудандық сотының шешімімен аталған азаматтардың арызы қанағаттандырылып, Меркі

ауданы, Кеңес ауылы, Ленин көшесі, 41-үй, 1- пәтерді жекешелендіру келісімі жеке куәлікке сәйкес, Иманкулов Ақылжан Манапбаевичке, отбасы мүшелері – Иманкулова Айгуль Ақылжановнаға, Шотаева Енесеуль Кистаубаевнаға, Иманкулова Айзада Ақылжановнаға, Иманкулова Мадина Ақылжановнаға, Иманкулов Руслан Ақылжановичке тиісті екендігі фактісін анықтады (судья Е.С.Кенбаев).

Айсеова Хатира Жумабаевна сотқа арызбен қайырылып, жұбайы А.Айсеовтің жол пайдалану басқармасында (ДЭУ – 223) жұмыс істеп жүріп, Меркі ауылы, Подгорная көшесінде (қазіргі кезде Мұхамеджанов көшесі) орналасқан №26 үй, 1-пәтерді 1992 жылы сатып алғанын, жекешелендіру келісінде жұбайының тегі Айсаев деп жазылғанын, жеке куәлігіндегі тегі, аты, әкесінің атына сәйкес келмейтінін, Жол пайдалану басқармасында, әділет басқармасында тіркелмегендігін, қазіргі кезде жоқ екендігін көрсетіп, жекешелендіру келісімінің қайтыс болған жұбайы Айсеов Абдрахманға тиесілі екендігі фактісін соттан анықтауды сұранды.

Меркі аудандық сотының шешімімен Х.Ж.Айсеованың арызы қанағаттандырылды. Жекешелендіру келісімі Х.Ж.Айсеованың қайтыс болған жұбайы А.Айсеовке тиесілі екендігі фактісі анықталды (судья Е.С.Кенбаев). 1993 жылғы 24 наурызда пәтерді (үйді) жекешелендіру шарты бойынша

Меркі ауданы, Меркі тұқымды қызылша совхозында, Ақарал ауылдық округі, Сыпатай ауылы, Центральная көшесі 63/1 пәтерді Қасымова Улбосын Чаймаханбетқызы жекешелендіру купонына алған. Жекешелендіру келісінде сатып алушы мен отбасы мүшелерінің аты-жөндері қате жазылған. Атап айтқанда, жекешелендіру шартында сатып алушы Қасымова Улбосын Чаймаханбетовна, отбасы мүшелері жұбайы – Имашев Даулет, қызы – Айгерім ұлы – Абзал деп жазылған. Жеке куәліктері бойынша олардың дұрыс аты-жөндері Қасымова Улбосын Чаймаханбетқызы, Имашев Даулетбек Ризаханович, Имашева Айгерім Даулетбековна, Имашев Абзал Даулетбекович. Олардың арызын қараған Меркі аудандық соты өз шешімімен арызды қанағаттандырып, пәтерді жекешелендіру келісінін жеке куәлікке сәйкес тиісті екендігі фактісін анықтады (судья Е.К.Тынысов).

Мұндай арыздар Меркі аудандық сотында көп жылдардан бері қаралып, өз шешімін тауып келеді. Сондықтан да үй құжаттарында, басқа да маңызы бар құжаттарда жөндеуге келмейтін олқылықтар болса, Меркі аудандық заң кеңесіне қайырылып, заңды кеңес алуларыңызға болады.

Ж.ДОСАЙҰЛЫ,
Меркі аудандық
Заң кеңесінің меңгерушісі

РАЗЪЯСНЕНИЕ ПО ИСЧИСЛЕНИЮ СРОКОВ ПРИ ПРИЕМЕ ЗАЯВЛЕНИЙ НА РЕГИСТРАЦИЮ РОЖДЕНИЯ РЕБЕНКА

В соответствии со статьей 189 Кодекса «О браке (супружестве) и семье» РК, заявление о рождении ребенка должно быть подано его родителями либо другими заинтересованными лицами в регистрирующие органы не позднее трех рабочих дней со дня его рождения. «В случае регистрации рождения ребенка по истечении трех рабочих дней со дня его рождения, государственная услуга оказывается в течение 15 (пятнадцати) календарных дней;

В случае принятия заявления на регистрацию рождения ребенка по истечении трех рабочих дней, данное заявление считается поданным с нарушением установленного срока и дополнительно прилагаются документы, указанные в части 4 пункта 9 стандарта государственной услуги «Регистрация рождения ребенка, в том числе, внесение изменений, дополнений и исправлений в записи актов гражданского состояния», утвержденным приказом Министра юстиции Республики Казахстан 17 апреля 2015 года № 219:

- 1) объяснительная родителей;
- 2) справка регистрирующего органа об отсутствии записи о рождении по месту рождения ребенка и месту жительства родителей (кроме детей, рожденных после 2008 года на территории Республики Казахстан);
- 3) справка о здоровье ребенка по месту его проживания, выданная не позднее 7 (семи) рабочих дней с момента обращения, по форме, утвержденной приказом и.о. Министра здравоохранения РК «Об утверждении форм первичной медицинской документации организации здравоохранения», от 23 ноября 2010 года, №907 (зарегистрированный в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов №6697);
- 4) нотариально удостоверенная доверенность в случае обращения представителя услугодателя».

Статьей 173 Гражданского Кодекса РК предусмотрено, что течение срока, определяемого

периодом времени, начинается на следующий день после календарной даты или наступления события, которыми определено его начало.

Также, при обращении через веб-портал «электронного правительства» (для граждан Республики Казахстан), с приложением электронного заявления, удостоверенного ЭЦП услугодателя и электронного документа, о регистрации актов гражданского состояния (зарегистрированные документы после 2008 года на территории Республики Казахстан не прилагаются) подлежат рассмотрению в течении одного рабочего дня.

Заявления, принятые в течение данного срока, независимо от того, в какой орган обратился услугодатель (местные исполнительные органы, некоммерческое акционерное общество Государственная корпорация «Правительство для граждан») считаются поданными в срок, регламентированный законодательством.

Регистрация рождения производится без взимания государственной пошлины, в соответствии с налоговым законодательством Республики Казахстан.

Так, к примеру, если ребенок родился 5 сентября (понедельник – рабочий день), срок для подачи заявления начинается на следующий день, с 6 сентября (вторник – рабочий день) и должно быть подано до конца рабочего дня 8 сентября (четверг – рабочий день). Или если ребенок родился в выходные или праздничные дни, срок для подачи заявления отсчитывается со следующего рабочего дня, к примеру 4 сентября (воскресенье – выходной день), срок для подачи заявления начинается на следующий день, с 5 сентября (понедельник – рабочий день) и должно быть подано до конца рабочего дня 7 сентября (среда – рабочий день).

П.ЖУРЬНОВА,

гл.специалист отдела канцелярии службы ЗАГС аппарата акима Меркенского района

ОСТАНОВИМ ДОМАШНЕЕ НАСИЛИЕ

Чтобы эффективно бороться с бытовым насилием, нужны не только соответствующие законы и их безукоризненное исполнение, но и изменение общественного сознания. И нами проводится большая работа в том направлении, чтобы количество преступлений на семейно-бытовой почве уменьшалось.

Безусловно, в этом большая заслуга полиции, которая стала работать более активно, а способствует ей в этом Закон «О профилактике бытового насилия», который постоянно совершенствуется с учетом практики его применения. Однако, один лишь закон все проблемы не решит. Кроме того, есть три вещи, которые способны в корне переломить ситуацию с домашним насилием. Это, в том числе, и изменение устоявшейся системы взглядов социума на бытовое насилие, чтобы оно воспринималось, как недопустимое явление. Нам надо уходить от таких стереотипов, как ставшие привычными: «не вмешиваться в дела семейные», «бьет – значит любит». И в обществе сегодня проводится большая работа по борьбе с насилием, направленная на то, чтобы изменить устоявшуюся систему взглядов социума на бытовое насилие, чтобы оно воспринималось как недопустимое

явление. Часть населения к такому изменению сознания уже готова, и люди полностью поддерживают позиции потерпевших от домашнего насилия. Однако, профилактика бытового насилия, по-прежнему, остается одним из важных направлений работы с населением, а также эффективная работа правоохранительных органов, это: полиция, прокуратура, суд, местная исполнительная власть. Одним словом, профилактика бытового насилия – это тот вопрос, который всегда находится в центре внимания, проводится значительная работа по защите конституционных прав, свобод и интересов женщин от противоправных посягательств.

А.ОРАЗБАЕВА,
ст. инспектор по защите
женщин от насилия МПС ОВД
Меркенского района, майор
полиции.

ҚАУЫМДАСТЫҚ ЖИНАЛЫСЫ ӨТЕДІ

Андас батыр ауылдық округіне қарасты Шалдуар стансасының идеологиялық мағынасы ескірген Свеклопункт көшесіне жаңа атау беру туралы ауыл тұрғындары мен округ қауымдастығы мүшелерінің жиналысы 2016 жылдың 19 қарашасында Шалдуар стансасы, Свеклопункт көшесінде өтетіндігін хабарлаймыз.

Андас батыр ауылдық округінің аппараты

СЧИТАТЬ НЕДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМИ

акт на право частной собственности №0061930, на земельный участок, площадью 0,1335 га, кад. №06-092-006-520, выданный на имя Кишкарева Владимира Федоровича и технический паспорт (Ф-1) на регистрируемый объект недвижимости (частный дом, дача, гараж), кад. №06-092-006-520-053-30, выданный на имя Альмуратовой Майры, в связи с утерей.

Открылось наследство после смерти Цымбаловой Галины Павловны, умершей 26 июня 2016 года. Наследников просим обратиться по вопросу оформления наследственных прав в течение шести месяцев со дня открытия наследства к нотариусу Э.Омаровой по адресу: с. Мерке, ул. Мусабекова, 1 (бывший Дом быта).

* * *

Открылось наследство после смерти Широнова Гафара, умершего 27 июня 2016 года. Наследников просим обратиться по вопросу оформления наследственных прав в течение шести месяцев со дня открытия наследства к нотариусу Б.Абишеву по адресу: с. Мерке, ул. Исмаилова, 173.

В связи с прекращением предпринимательской деятельности Алгадаева Зарлыка Жорабаевича, ИИН 801002300962, все претензии принимаются в течение одного месяца после опубликования по адресу: с. Сарымолдаева, ул. Толе би, 4.

ПРОДАЕТСЯ

двухкомнатная квартира 54 кв.м., кирпич, 1989 г.п., участок и хозпостройки в районе Дальняя связь.
Обращаться по тел.: **87012069613.**

ҚР «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Меркі аудандық филиалының президиумы еңбек ардагері, ардагерлер ұйымының белсенді мүшесі

САЙЛАУБЕК КӘРІПБАЕВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Сұрат ауылдық округінің аппараты мен Ардагерлер Кеңесі еңбек ардагері, ардагерлер кеңесінің мүшесі

КӘРІПБАЕВ САЙЛАУБЕКТИҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы аудандық емхана дәрігерлері Сабыров Бошқай Сабырұлына, Сабыров Ғалымжан Бошқайұлына, Аманжолова Тәттігүл Әбітайқызына аналары

ҚҰДАБАЕВА АЙБҮБІНІҢ

қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы тубдиспансердің бухгалтері Айымбетов Шакизада Жаңалықұлына әкесі

АЙЫМБЕТОВ ЖАҢАЛЫҚТЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтады.



МЕРКІ АУДАНДЫҚ ПРОКУРАТУРАСЫ



ПРОКУРАТУРА МЕРКЕНСКОГО РАЙОНА

МЕРКІ
ТЫНЫСЫ

Директор –
Бас редактор
Әтіркүл ИСАЕВА

vestnik-merke@mail.ru

Меншік иесі:

"Меркі тынысы"-
Баспасы"
жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Индекс: 080500,
Жамбыл облысы,
Меркі ауданы,
Ә.Ысмайылов көшесі,
№349.

Телефондар: Бас
редактор –
4-07-33 (факс.),
бөлімдер – 4-07-35;
4-07-58;
есепші – 4-07-34

Газет аралас – қазақ және орыс тілдерінде аптасына 2 рет – сәрсенбі, жұма күндері шығады. Редакция авторлардың көзқарасы үшін өзіне жауапкершілік жүктемейді. Газет ЖК ЖТО «Али ЗА» баспа орталығында басылған. Мекен-жайы: Тараз қаласы, Төле би көшесі №36

Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз басшылығы және ақпараттық агенттік есепке қою туралы КҰӘЛІК №14047-Г Астана қаласы, 24.12.2013 жыл.

● ТАРАЛЫМЫ: 2510 дана